

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 шілдедегі N 1021 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 265 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.05.2016 № 265 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 9, 101-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің құрамына:

Бишімбаев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Қуандық Уәлиханұлы көмекшісі (келісім бойынша)  
енгізілсін;

мына:

"Исекешев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әсет Өрентайұлы көмекшісі (келісім бойынша)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия және  
Әсет Өрентайұлы сауда министрі";

көрсетілген құрамнан Владимир Сергеевич Школьник шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*